

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

29.03.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№13

город Алматы

Алматы қаласының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 27.03.2021 ж.
№ 12 қаулысына толықтырулар мен
өзгерістер енгізу туралы

Коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы жағдайында кәсіпкерлік субъектілері жұмысының оңтайлы режимін, сондай-ақ халықты COVID-19-ға қарсы жаппай иммундауды жүргізуге дайындығын қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің сайтында жарияланған тізімге сәйкес «ASHYQ» пилоттық жобасымен жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат етілсін.

2. ХҚКО-ның және «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің жұмысына уақытын шектеусіз рұқсат беру, бірақ тек жазба бойынша.

3. Қоғамдық тамақтану объектілерінің келушілерге қызмет көрсетуімен жазғы алаңдарда ғана отыратын орындар 50%, бірақ 50 орыннан артық емес толтырылған кезде және үстелдер арасында 2 м. қашықтықты қатаң сақтай отырып жұмыс істеуіне рұқсат етілсін.

4. 2020-2021 оқу жылының соңына дейін жатақханаларда тұрмай техникалық және кәсіптік білім беретін ұйым мен ЖОО студенттерін және жалпы білім беретін мектеп оқушыларын қашықтықтан оқыту форматына көшіру, ата-аналарының өтініші бойынша 1-5 сыныптарды қоса алғанда (халықаралық мектептерде 1-7 сыныптарды қоса алғанда), 15 адамға дейінгі балалар саны бар 9 және 11 (12) сыныптарды кезекші сыныптарға рұқсат ету.

5. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, қоғамдық орындарда халықты COVID-19-ға қарсы иммундау пункттерінің дайындығын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
29 наурыздағы № 13 қаулысына
1-қосымша

Алматы қаласының қоғамдық орындарында коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация жүргізу алгоритмі

Базарлар аумағында иммундауды ұйымдастыру кезінде

Егу пункті базар аумағында орналасуы және өз құрамында жұмыс үстелдері және орындықтармен, пайдаланылған бір реттік маскаларды жинауға арналған қоқыс жәшігімен, қолды өңдеуге арналған антисептигі бар шынтақ дозаторымен жабдықталған, егілетін адамдарды тіркеу және егілгеннен кейін бақылау жүргізілетін шатыр болуы тиіс. Вакцинациялау алдында тексеру және тікелей егу жүргізу барлық санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, жедел медициналық көмек машинасында жүргізілуі мүмкін.

СОСО аумағында иммундауды ұйымдастыру кезінде

Егу пункті сауда орталығының арнайы бөлінген орнында орналасуы тиіс, онда халықты тіркеу үшін қоршалған аймақ, вакцинация жүргізу алдында халықты тексеруге және егуден кейін 30 минут ішінде бақылауға арналған аймақ (уақытша бөлме), сондай-ақ вакцинация жүргізуге арналған жеке аймақ орналасуы тиіс. Қарап тексеру және вакцинация жүргізу бөлмелері мөлдір емес пластикалық жабынмен (тығыз пленка) қоршалуы тиіс, ал іші өзара шымылдықпен бөлінген, жұмыс үстелдері және орындықтармен, пайдаланылған бір реттік маскаларды жинауға арналған қоқыс жәшігімен, қолды өңдеуге арналған антисептигі бар шынтақ дозаторымен жабдықталған болуы тиіс.

Барлық мобильді егу пункттеріне қойылатын жалпы талаптар

- Вакцинация жүргізетін МҰ атауы және жауапты тұлғалардың байланыс телефондары, жұмыс кестесі көрсетілген (сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін) вакцинация жүргізу пунктінің орналасқан жері туралы көрсеткіштер мен маңдайшаларды орнату.

- Вакцинацияны құрамында дәрігер, вакцинация жүргізуге рұқсаты бар екі медбике және қалалық емханалардың тіркеушісі бар көшпелі егу бригадалары жүргізеді.
- Барлық көшпелі егу пункттері (нүктелері) вакцинаны сақтау ережелеріне сәйкес қажетті төмен температуралы тоңазытқыш жабдығымен (минус-20С*) жабдықталған.
- Көшпелі егу бригадалары вакцинацияны тегін және алдын ала жазылусыз жүргізеді.
- Көшпелі егу бригадаларының жұмыс орындарында егуді жүргізуге қойылатын барлық санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етілуі тиіс.
- Егу пункттерінде жақын маңдағы қалалық емханалардың, сондай-ақ жеке медициналық мекемелердің дәрігерлері де қызмет көрсететін болады.
- Вакцинация жеке басын куәландыратын құжат болған кезде жүргізіледі. Екінші егу бірінші компонентпен егу жүргізген медициналық ұйымдардың және қоғамдық орындардың егу пункттерінде жүргізіледі.
- Егу пункттері ақпараттық материалдармен қамтамасыз етіледі.

Көшпелі егу бригадаларына қойылатын талаптар мен міндеттер

Шығу кезіндегі егу бригадасының жұмысын ұйымдастыру:

- шығу кезінде егу бригадасы халықты тексеру, егу жүргізу, шұғыл көмек көрсету, ҚЖЖАК пайдаланылған шприцтерді жинау үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталуы тиіс;
- егу бригадасы толық құрамда шығады;
- вакцинация алатын адамдарға жергілікті әкімшіліктер мен емханалар арқылы вакцинацияның орны мен уақыты туралы ескертілуі тиіс;
- жергілікті әкімшіліктер мен медициналық мекемелер санитариялық-гигиеналық және асептика талаптарына жауап беретін вакцинация жүргізілетін орынды дайындауы тиіс;
- бригада бір жұмыс ауысымына вакцинамен қамтамасыз етілуі тиіс. Вакцинацияны жүзеге асыратын медбике жұмыс күні вакцинациялауға арналған препараттарды алуы керек, қалған ашылмаған вакциналар күннің соңында емханаға қайтарылады;
- вакцинаны сақтау және тасымалдау үшін ішіне бақылау термометрі орналастырылатын, ішіне орнатылған мұздатқыш қондырғысы бар рефрижераторлық типтегі белсенді термоконтейнердің болуы, вакцинаны

сақтау температурасы минус-18С° төмен емес және хладоэлементтер, құрғақ мұз қорының болуы міндетті;

- егу алдында барлық адамдарды денсаулық жағдайы және инфекциялық аурулардың бар-жоғы туралы сұрастыру, тексеру жүргізу, температурасын, артериялық қысымын өлшейді және қажет болған жағдайда басқа да медициналық манипуляциялар жүргізеді. Осыдан кейін вакцинация үшін рұқсат немесе медициналық анықтама беріледі;

- вакцинациядан кейін егілгендерді 30 минут бойы бақылайды;
- егілгендер туралы деректер профилактикалық егулерді есепке алу журналында тіркеледі, МАЖ бағдарламасына және өзге де есепке алу нысандарына енгізіледі.

Егу бригадасының құрамындағы вакцинатор - мейірбикенің міндеттері:

- бригаданың бір күн ішінде жұмыс істеуі үшін қажетті дәрі-дәрмектер мен вакциналарды алады;

- жұмыс уақытында вакцинаның дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді;
- шокқа қарсы құралдардың уақтылы толықтырылуын қадағалайды;
- вакцинаны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес енгізеді;
- иммундаудан (асқынулардан) кейін жағымсыз көріністер пайда болған жағдайда дәрігермен бірге алғашқы медициналық көмек көрсетеді;
- қалған вакцинаны жұмыс күнінің соңында емханаға қайтарады;
- егу бригадасы жұмыс күнінің соңында Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 27.01.2021ж. №3 қаулысымен бекітілген әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасына сәйкес Алматы қ. СЭБД-не, Алматы қ. ҚДБ-на, аумақтық аудандық СЭББ-а КВИ-ге қарсы жүргізілген егулер туралы күнделікті есеп береді.